

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Төлдер айтысы

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.08.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/79732/>

Ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы: Коммуникация

Ұйымдастырылған оқу іс-қызметі: Драма

Тақырыбы: Төлдер айтысы (ертегі).

Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсінігі кеңейту. Төрт түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Кейіпкердің дауыс ырғағы арқылы ертегіні сомдату

Сөздік жұмыс: Төрт түлік, төл.

Көрнекіліктері: Ұй жануарлары және төлдер суреті.

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ жауап, әңгімелеу, көрсету

Мотивациялық қозғаушы

Балалар аналарының өздерін қалай еркелетінін сұрау.

Балалардың жауабы.

Ұйымдастыру іздену

Дидактикалық ойын: «Төлін тап».

Ойын шарты: Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір жануардың қасына өз төлін ілу керек.

«Төлдер айтысы» ертегісімен балаларды таныстыру.

-Төлдер бір-бірімен не үшін айтысты?

-Лақ не айтты?

-Құлын ше?

-Бұзау не деді?

-Қошақан, бота не деді?

-Адам не деп жауап берді?

Сергіту сәті:

Айналайын торпақ, бола берме қорқақ,

Айналайын қозым, малда жуас бозым.

Айналайын ботам, қандай күлте жотаң,

Жалт-жұлт етіп лақ, жағалайсың бұлақ.

(Қимылмен көрсету

«Сыңарын тап» ойыны.

Ойын шарты:Балалар жануарларды тез құрастыруы керек

Көрсетілген суреттерден ажыратып атын айтып,ойынды қызыға ойнады.

Сұрақтарға толық жауап берді

Сергіту сәтін жасайды.

Балалар бірнеше бөлікке бөлінген жануарларды құрастырады.

Рефлексифті түзету

Қорытынды:Ертегіні рөлге бөліп балаларға сомдатуҮй жануарларының адамға қандай пайдасы бар.-Ешкі ,қой,сиыр,түйе,жылқы төлдерін ата.-Малды қалай шақырады?

Балалар сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.